

**Бақыт ӘБЖЕТ**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(bakyt.abzhet@ayu.edu.kz) <https://orcid.org/0000-0001-6795-045>

**«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ДӘУІР  
БЕЛЕСТЕРІ\***

**Аңдатпа:** Автор «Қобыланды батыр» жырының қазақ жыршыларының репертуарынан кеңінен орын алу себептерін қарастырады. Қобыланды батыр жырында ұшырасатын адам аттары, эпоста келетін сюжеттер мен көне мотивтер, ескі ұғымдардың жаңаша пайымдалуы, жыршылардың өмір сүріп отырған уақытына жақын келу заңдылығы, жырдың композициясы мен қаһармандық эпостың табиғатына қатысты сөз қозғайды. Ғасырлар бойына ауыздан-ауызға таралып келген эпостың архаикалық эпостан қаһармандық эпосқа шейінгі даму кезеңдері мен оның эпос жанрының тарихи тұтастану кезеңдеріне, оның заңдылығы мен себептеріне тоқталады. Алтын Орда мемлекеті мен Ноғайлы дәуірі, Қазақ хандығы тұсында бұрынғы көне эпос қайта жанданып, көнеден келе жатқан жырдың әр дәуірде түлеп, поэтикасының қайта жаңаша формада жырлана бастағаны көрініс табады. Дешті-қыпшақ кезеңінен бастау алатын қаһармандық эпос өткен шақтан айтылатын болғандықтан кейінгі дәуірлердегі оқиғаларды, бірнеше ғасырдың тарихи кезеңдерін де ішіне қамтиды, әр ғасырдағы болған оқиғалар мен тарихи кейіпкерлер жырда араласып жүреді. Эпоста бұрынғы және кейінгі жаулар бір дәуірдің өкілдері болып айтылады, бұл фольклордағы барлық классикалық эпосқа тән дүниелер. Жас ұрпақтың бойына патриоттық сенімді ұялату, эстетикалық тәлім беруде батырлық жырдың алатын орны айрықша. Кешегі екінші дүниежүзілік соғыс кезінде халықтың рухын ояту үшін бұрын тыйым салынған жырларды қайта дәріптеуді қолға алу себептері де белгілі. Сол тұста қағаз бетіне түскен «Қырымның қырық батыры» секілді циклді жырлар ішіне енген «Қобыланды батыр» жырындағы тарихи анахронизмнің себептеріне тоқталады.

---

\* Келген күні: 12 наурыз 2024 ж. – Қабылданған күні: 29 мамыр 2024 ж.

Date of Arrival: 12 Mart 2024 – Date of Acceptance: 29 May 2024

Geliş Tarihi: 12 Mart 2024 – Kabul Tarihi: 29 Mayıs 2024

Поступило в редакцию: 12 марта 2023 г. – Принято в номер: 29 мая 2024 г.

DOI: 10.59358/ayt.1451387



**Кілт сөздер:** Қобыланды батыр, Архаикалық эпос, «Қырымның кырық батыры», Жыр, Дешті-Қыпшақ, Ноғайлы, Қызылбас, Қалмақ, Қазақ хандығы

**Bakyt ABZHET**

candidate of philological sciences, associate professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan  
(bakyt.abzhet@ayu.edu.kz) <https://orcid.org/0000-0001-6795-045>

**MILESTONES OF THE ERA IN THE EPIC  
“KOBLANDY BATYR”**

**Abstract:** The article examines a multitude of factors contributing to the widespread dissemination of the epic poem “Koblandy Batyr” in the repertoire of Kazakh zhırs. In this context, particular attention is paid to the evolution of the epic genre, from archaic epic to heroic epic, which was transmitted orally from generation to generation. The main stages of epic development during the periods of the Golden Horde, the Nogai era, and the Kazakh Khanate represent significant moments in the revival of the ancient epic. The significance of this process is illuminated in the context of the historical integration of the epic genre, its legitimacy, and determining factors. It is noted that during the Desht-i-Kipchak period, the revival of the ancient epic took on new forms, as evidenced by the heroic epic “Koblandy Batyr”. Examining this poem, the author emphasizes its retrospective character, allowing for the inclusion of events from later epochs and historical periods, blending events and characters from different centuries. An important aspect in the context of the study is the emphasis on the patriotic function of heroic poetry, which occupies a special place in instilling patriotic faith in the younger generation and aesthetic education. Additionally, the reasons for the re-glorification of previously banned songs during the Second World War are highlighted as a means of reviving the spirit of the people. In conclusion, the author highlights the features of historical anachronism in the poem “Koblandy Batyr”, which is part of the cycle of poems such as “Forty Batyrs of Crimea”.

**Keywords:** Koblandy batyr, archaic epic, “Forty Batyrs of Crimea”, epic, Desht-i-Kipchak, Nogai era, Kyzylbas, Kalmyk, Kazakh Khanate

## **Кіріспе**

Қазақтың батырлық жырларының ішінде ең көлемдісі әрі кең тараған нұсқаның бірі – «Қобыланды батыр» жыры. Бұл эпостың ел ішінен жиырма тоғыз нұсқасы жазылып алынған. Қазақ даласында жыр айтқан ақын, жыраулардың барлығының дерлік репертуарында «Қобыланды» жыры болғандығы, көне эпостық нұсқадан бастап батырлық жырға дейінгі жолда жаңарып, қайта жырланып отырғаны байқалады. Бұл жыр тек қана қазақ халқында ғана емес, көршілес отырған туысқан халықтардың да ауыз әдебиеттерінде ұшырасады. Қазақ арасында кең тараған нұсқалары жайында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары былай дейді: «Осы жыр нұсқаларының ішінде ең көркем үлгілерінің бірі және баспа арқылы ел арасына кең тарағаны Марабай – Мергенбай нұсқасы болып саналады. Жырдың сюжеттік нұсқалары қазақтан басқа Қырым татарлары, ноғай, қарақалпақ халықтарының ауыз әдебиетінде сақталған. Аталған эпостың кейбір үзінділері ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап баспа бетінде жариялана бастады. Жырдың бір нұсқасын 1860 жылдары атақты Марабай ақыннан жазып алған және оның үзіндісін алғаш рет баспа бетіне шығарған – көрнекті қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин» (Алпысбаева & Әуесбаева, 2017, 50-б.).

Бұл жырдың әр түрлі нұсқаларынан үзінділер «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» секілді ХІХ ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген басылымдарда да жариялана бастады. Қазан төңкерісіне дейін де В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.Бөкейханов секілді қазақ ауыз әдебиетін зерттеген ғалымдар «Қобыланды батыр» жырына қатысты өз пікірлерін айтып, жырдың халық әдебиетінде, қазақ халқының дәстүрінде ерекше орын алатынына тоқталады. Алаш зиялылары Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедұлынан кейін Кеңестік дәуірде С.Сейфуллин, В.М.Жирмунский, С.Мұқанов, М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, О.Нұрмағамбетова, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев сияқты т.б. белді ғалымдар зерттеулер жасап, өз тұжырымдарын жасайды. Жырда ұшырасатын топонимдік атаулар мен Қазан, Көбікті, Алшағыр сияқты қызылбас батырлары болып келетін адам аттарының тарихтағы іздеріне қатысты да түрлі жорамалдар айтылған.

## **Тақырыпты талдаудың мақсаты мен міндеттері**

«Қобыланды батыр» жыры қазақ халқының сандаған ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан асыл мұрасына жатады. Жырда оғыз-қыпшақ дәуірінен бастап, Шыңғыс хан жорығы кезіндегі оқиғалар, Ноғайлы

дәуірі кезеңіндегі соғыстар мен кейінгі қазақ-қалмақ соғысына қатысты тарихи жәйттердің іздерін байқауға болады. Жыр желісінде ұшырасатын жер-су аттары мен тарихи кейіпкерлер, ру-тайпалардың бірлестігі мен жырдағы жау еліне қатысты тарихта сақталған түрлі оқиға іздері мен бұрыннан сақталған көне мотивтер, ескі жырдың өзін де жаңа заман мен қоғамның талап-тілектеріне байланысты қайта өңдеп отырды, осылайша бұрынғы көне эпос жаңаша түлеу арқылы қаһармандық эпосқа айналды, ел ішінде сақталған бірнеше нұсқа арасында осы екі эпос та жыршы тарапынан айтылып, қатар өмір сүре бастады.

Бұл жырдың архаикалық эпосқа тән өне бойында сақталған көне сюжеттер мен мотивтер, эпос жанрының бірте-бірте бірнеше тұтастану түрінен өтуі, классикалық эпостың пайда болуы жайлы және эпостың шығу табиғатына байланысты «Қобыланды жырында» көрініс беретін анахронизмдерді талдау жұмыстың негізгі мақсатына жатады. Зерттеудің негізгі міндеті эпоста орын алған осы көне сюжеттер мен тарихи оқиғаларға, адам аттарына қатысты орыс деректерінде сақталған тарихи жазбаларды салыстыра отырып зерттеу болып табылады.

## **Зерттеудің ғылыми әдіснамасы**

Зерттеу барысында фольклор жанрында қолданылатын әдістер қолданылды. Эпикалық шығармалардың поэтикасын зерттеу үшін салыстырмалы-типологиялық әдісті, талдау арқылы қарастыру, тарихына қатысты тарихи-генезис, жүйелеу әдістері теориялық тұрғыдан қарастырылды.

## **Зерттеу нәтижелері мен талқылаулары**

«Қобыланды» жырының сюжеті мен оқиғасы көне дәуірлерге, Қазақ хандығынан да бұрын, Алтын Орда мемлекетінен де ескі кезеңдерге баратындығы туралы кезінде М.Әуезов те тоқталған болатын. Қазан хандығын құрған билеушілер арасында Қазан атты ханның кездеспейтіндігі турасында талдаулар жасай келе ғалым, оның шығу төркіні сонау көнеден келе жатқан түрік қағанаты тұсынан басталатындығы жайлы тұспалдайды: «Қобыланды әңгімесі басында шыны жақын болған, бір уақиғаның сарынынан туған әңгіме дедік. Бұл Қобыланды әңгімесінің ескіден келе жатқан негізі. Бұл әңгіме жалғыз қазақ әңгімесі емес, әуелгі қалыпта, жалпы түрік әңгімесі болуға тиіс. Мына әңгіме содан қалған қазақ ішіндегі сарқындысы. Бірақ әңгіме көп заманнан келе жатқан ескі әңгіме болғандықтан, бергі жерде қосылған жамаулар көп. Жамау жалғыз әңгімеде емес, әсіресе көп айтушының аузынан өткендіктен. Әрбір заманның ескілікті, жаңалықты сөздері сияқты қоспаны да көп сіңірген» (Әуезов, 2014, 76-77-б.).

*«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ДӘУІР БЕЛЕСТЕРІ*

Жырдың нұсқаларында сыртқы жауды, кәпірді суреттегенде тек қана қызылбас не қалмақ қана емес, кейде орысқа қарсы атой салып жүргендей баяндалатын жері де ұшырасады. Батырдың Қазан деген ерге қарсы соғысқа аттануы Қазан қаласы үшін болған соғысқа аттанған Шора сияқты батырлардың кезіндегі тарихи оқиғаларға қатарлас өрбіп отыратыны анық байқалады. Ол турасында М.Әуезов те атап өтеді: «Тарихи себеппен аттандырса өліп қалған Қобыландыны қыпшақтың өзінің хандығы сияқты болған Қазан хандығын құлатуға аттандыру керек емес. Одан гөрі бергі заманда болған 1552 жылдағы оқиғаның салдарынан орысқа қарсы аттандыру әлдеқайда орынды, қисынды болады. Сондықтан бізде Қобыландыны Иван Грозный қолынан Қазан қаласын құтқаруға аттанған десек, өрескел терістікке ұшыраған болмаспыз деймін» (Әуезов, 2014, 73-74-б.).

Ноғайлы дәуіріндегі Қазан хандығы үшін болған соғыстар көптеген батырлық жырларға арқау болған. «Қобыланды батыр» жырында орысқа қатысты қарата айтылған жыр жолдары ұшырасып отырады. Мысалы, жырда орысқа қатысты «Түймелетіп кигендер, Түрегеліп сидендер» деп келетін қазақта бұрын болмаған, кейін келіп орыспен араласа бастаған кезден бастап сіңе бастаған жат әдеттер эпостың жыр жолдарында кездеседі.

«Хандар мінген қанды атты,  
Батыр мінген жалды атты,  
Қырық мың әскер салт атты.  
Түймелетіп кигендер,  
Түрегеліп сидендер,  
Масақ құлақ мылтық қолында,  
Қара сухар қойнында,  
Алтыатары қолында,  
Бәйгіден келген дөнені,  
Сол шаһардың гөзелі,  
Иесіз қалды көп әйелі.  
Талай төре келеді.  
Төсінде алтын мыйлады,  
Қаланың аузын қандатып,  
Солдатын жаяу айдатып,  
Шаһардың аузын шаңдатып,  
Ішеміз деп бал алып,  
Шайнаймыз деп нан алып,  
Қырық мың кісі бұл шықты.  
Он кісіден қос болып,

БАҚЫТ ӘБЖЕТ

Қобыландыға қас болып,  
Қазан ері бас болып,  
Базарда болар ақша бөз,  
Арқада болар сары көз,  
Әлім менен Шөменге,  
Жоғары менен төменге,  
Төменгі жатқан көп елге,  
Мен мұсылман дегенге,  
Мағлұм болды біздің сөз,  
Жекпе-жек деп келді кез» (Бабалар сөзі, 2007, 37-

38-б.).

Тарихта Иран жерін жайлаған қызылбастардың мұсылман екендігі белгілі. «Шиға» масхабын ұстанғандықтан «сүнниттермен» қақтығыстар болып тұрған. Алайда мұсылмандар еш уақытта түргеліп тұрып дәрет сындырмаған. Бұл әдет қазақтарға орыстан сіңген.

«Қобыланды батыр» жырында Қобыландыны тұтқынға алатын жойқын күштің иесі, жау батыры әрі Қобыландыға ғашық болатын Қарлығаның әкесі ретінде келетін Көбікті «Ер Сайын» жырында Сайын батырға қызын беретін қайын атасы ретінде сыйпатталады. «Қобыланды батыр» жырында Киікбай Қарлығадан туған батыр, ал Бөгенбай Құртқадан туған Қобыландының балалары ретінде айтылса, «Ер Сайын» жырында үш жылға мұрсат берген Қобыланды қайта айналып келгенше Көбіктің қызы Аюбикеге үйленіп жорыққа аттанып қаза тапқанға шейін Сайын батыр перзентті болып үлгереді. Ер Сайынның артында Киікбай, Бөгенбай атты егіз ұлы қалады. Бұл екі жырда батырдың қайын атасы ретінде келетін Көбікті қыпшақтармен көршілес жүрген Еділ бойын жайлаған печенегтер екені белгілі. Орыстың «Игорь жорығы туралы жырында» орыстың жаулары арасында осы көбікті елі ұшырасады. Қарақалпақ ғалымы Қ.Айымбетов қарақалпақ нұсқасындағы «Қобылан» дастанына қатысты айта келе осы бір тарихи оқиғаларға тоқталады: «Міне сондықтан да бұл дастанда географиялық жер аттары Азаулы қаласы деген сөздер сақталған. Дастанда негізгі дұшпан көбікті болып аталады. Атақты орыс дастаны «Игорь жорығы туралы жыр» деген орыс әдебиетінің жазба естелігіндегі дұшпан «кобяк» болып аталады» (Айымбетов, 1988, 98-99- б.).

«Көбік» немесе «көбікті» деген адам, ру аттары орыс жазбаларында половецтер ішінде ұшырасады. Шыңғыс хан шапқыншылығына дейін орыс пен половецтер арасында болған қақтығыстар арасында Кончак, Кобяк деген атауларды кездестіреміз. Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я»

*«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ДӘУІР БЕЛЕСТЕРІ*

кітабында көбіктіге қатысты мынадай дерек келтіреді: «1180 жылы олар үлкен қақтығыс жасап, Киевте таман келеді. Святославқа көмекке Черниговиялық Ярослав кувуйлерімен бірге келеді және оған ақырында, Игорь Святославич Кончак пен Кобяктың половецтер бастаған жасағымен бірге келеді» (Сулейменов, 1989, 452-б.).

«Қобыланды батыр» жырында Қазанның Қырлы және Сырлы қалаларын қызылбастан азат етуге аттанған қият руынан шыққан Қараманның қосынына еріп Қазанға қарай бет алған Қобыланды батырдың жеке дара екі қаланы да өзі жаудан азат еткендігі айтылады. Енді елге қайтқалы отырған Қобыландыны Қараман Көбікті ханның жылқысын екеулеп айдап қайтуға көндіреді. Жырдағы шиеленіс осы жерден басталады. Көбіктіге шамасы жетпеген екі батыр оған тұтқын болады. Тұтқында жатқан екеуін Көбіктінің қызы Қарлыға көмектесіп, тұтқыннан босатып үшеуі бірге қашады. Қарлығаның көмегімен Қобыланды Көбіктінің осал тұсын тауып, садақпен атып өлтіреді. Сонымен елге оралса қызылбастың ханы Алшағыр Қобыландының елін шауып кеткен екен. Жырда көне эпосқа тән құрылымдық ерекшелік сақталып қалған. Ноғайлы дәуіріндегі адам аттары, тарихи кісі есімдері ұшырасып отырғанына қарамастан жырдың ескі арнасы - жауға аттану, тұтқын болу, елге келгенде әйелін өзге батырдың әйелдікке алғалы жатқанда үстінен түсуі секілді классикалық сюжеттер сақталып отырады. «Көне эпостан көрінетін ерекше сипаттың бірі – оның синкреттілігінде. Әсіресе көне эпоста жанрлық синкретизмге қарағанда идеологиялы синкретизмнің сілемі басым болып көрінеді. Көне эпоста мифтік сана басым. Кейінгі заманның шындығына қайшы келмейтін барынша салт-санадан, тұрмыс-тіршіліктен және ритуалдан, мифтік түсініктен толық ажырай қоймаған тұтастық бар» (Халық әдебиетіндегі тарих көріністері, 2016, 120-б.).

«Қобыланды батыр» жыры өзінен кейін дүниеге келген жырлармен бірге қайта жырланып, «Қырымның қырық батыры» атты жырлар топтамасының ішіне ену арқылы кейінгі дәуірдің оқиғаларын да қамтығаны байқалады. Жырда Қобыландының елін шауып кететін Алшағыр ханның тарихта болғандығы туралы мәліметтер бар. Бұл кезең ноғайлы дәуіріндегі оқиғаларға жақын келеді. Алшағыр Ноғайлы дәуірінде ел билеген хандардың бірі болған: «Би Темір өлгеннен соң, ноғайлы жұртын Мұса, ол дүниеден өтісімен оның балалары Алшағыр, Шағым, Сейдақ, Мамай (Шах Мамай) мен Жүсіп (Сары Жүсіп), Смайыл биледі. Бұлардың қайсысы болғанда да Шәлгез батырға немере нағашы Темір биден алыс емес еді. Өйткені, Мұса болса Шәлгездің туған нағашы

атасы, ал оның балалары мен немерелері нағашы ағалары мен нағашы інілері болатын» (Авакова & Баят, 2019, 96-б.).

Алтын Орда ыдыраған тұста бұрынғы күнді аңсау, сыртқы дұшпанға бірігіп қарсы тұру идеясы алға шығады. Осы кезеңде бұрынғы қаһармандық эпостар мен Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген батырлық жырлардың тұтастану кезеңі басталады. «Алпамыс», «Қобыланды» секілді рулық-тайпалық кезеңде дүниеге келген жырлар енді Ноғайлы дәуірінің батырларымен аралас қатар жүреді. Бұл турасында профессор Ш.Ыбыраев былай дейді: «Ал «Қобыланды батыр» жырының Мұрын жырау нұсқасында қыпшақ ноғайлының ішіне кіреді, өзге кейбір нұсқаларында осы рудың өзі ғана айтылады. Асылында бұл жағдай бұрынғы ру аясындағы эпосты ноғайлы дәуірінің өз құшағына алғандығы айғақтаса керек. Бұған ноғайлы ұлысына бұрынғы қыпшақ руының енгені де себепші болғандай. Ал, зерттеушілердің пікірінше, жырдың байырғы пайда болған мерзімі оғыз-қыпшақ заманынан (VIII-X ғғ.) ерте болмаса кенже емес. Онан бері жыр бір орнында тұрмаған, үнемі өзгеруді бастан кешірген. Бертін келе ноғайлы топтамасының ішінен де орын алу себебі осында» (Ыбыраев, 1993, 187-б.).

Қазақ эпосы жайлы өз зерттеуінде Dr. Orhan Söylemez пен Lezzet Aliyeva «Қобыланды жырының» айрықша жырлануы Алтын Орда дәуірінен басталатындығына тоқталады: «Sonradan Kazak halkının temelini oluşturan gruplar, o sıralar Altın Orda, Kırım, Kazan Hanlıklarının ve Orta Asya Hanlıkları siyası birliğinde idi ve hepsine birden 'Nogaylı' denilirdi. Kobılandı, Kambar, Er Targın, Alpamış gibi destan kahramanlarının adları doğrudan tarihi vak'alarla ilişkilidir. Kobılandı Batır destanı, 15. asırda Kazak Hanlığının parçalanışını; Er Targın destanı, 15.-16. asırlardaki Kırım Hanlığında olan kabile mücadelelerini; Er Sayın, Alpamış Batır destanları, Kazakların ve Moğolların 15. asırda birleşerek yaptığı seferlerini ve Kambar Batır destanı, Kazaklar ve Özbeklerin seferlerini anlatır» (Soylezmez & Aliyeva, 2000, 35-б.).

«Қобыланды батыр» жыры шығу тарихы бойынша рулық бірлестік кезінде дүниеге келген көне эпосқа жатады. Қобыландының аты айтылған тұста оның руының аты да қосарлана жүретіні сондықтан. Ол турасында академик С.Қасқабасов та атап өтеді: «Тарихи тұтастандырудың алғашқы түрін «Алпамыс батыр» мен «Қобыланды батыр» жырларынан да байқауға болады. Ең бастысы екеуінде де батырлар өз руын, өз мекенін қорғайды; мұнда бүкіл елді басқарып отырған әмірші жок, керісінше, батырлар – Қоңырат пен Қарақыпшақ



*«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ДӘУІР БЕЛЕСТЕРІ*

елінің, яғни өз руларының ғана басшысы. Олардың үстінен қарайтын, оларға әмір беретін адам жоқ. Яғни, әлі бір орталық, қатаң мемлекет жоқ» (Қасқабасов, 2001, 48-б.).

Ноғайлы және Қазақ хандығы кезінде жырланған эпостардың көбінің бастауы бұрынғы ру-тайпалық бірлестік кездеріне жетелейді. «Қобыланды», «Алпамыс» секілді бұрынғы рулық бірлестіктер тұсында жырлана бастаған эпостар ендігі жерде «Қырымның қырық батыры» топтамасына кіреді. Кейінгі біріккен батырлық жырлар топтамасының біразы Ноғайлы кезіне қатысты болса, «Ер Көкше», «Ер Қосай» сияқты көне эпостар ерте дәуірлерден келе жатқан жыр екендігі анық. Бұл көне эпостарда Түрік қағанаты, оғыз-қыпшақ бірлестігі, тіпті ғұндар дәуірі кезіндегі Еуропаға шапқыншылық кезеңінің іздері сақталған. «Манас» жырындағы Манастың қырық шорасы, тек қана қырғыз тайпалары емес сол дәуірдегі қазаққа біріккен тайпа атынан қатысатын батырлар кейінгі циклдену дәуірінде қайта түлеп, жанаша жырлана бастаған. Фольклорист Ж.Рақыш былай дейді: «Қамбар батыр» жыры мен «Манас» эпосының тарихи негізінде ұқсастық кездеседі, Назым мен Ақжүніс, Ақчөрек сұлудың портреттік сипаттамаларының ұқсастығы тек эпостағы «ортақ жерлердің» қайталануымен ғана түсіндіруге болмайды. «Манас» жырында Ер Көкше Айдар ханның ұлы, Қамбар ханның ұрпағы, жекпе-жекте Манастан жеңіледі. Қазақ эпосындағы Ер Көкше Қамбар ханның баласы, қаракыпшақ Қобланды батырмен ұрыста өледі. Ш.Уәлиханов қазақ батыры Ер Көкшені Никон жылнамасында аты аталатын Одой (Адай – ?) қаласына тауына Құйдаш ханның шабуылы кезінде 1423 жылы өлген татар батыры Когчеге теңестіреді (Valihanov, 1961, 71-б.)» (Rakiş, 2019, 1230 s.).

Ш.Ыбыраев оғыз-қыпшақ дәуірінде дүниеге келген эпостарды Сыр бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ кезеңінен қарастырады: «Қалай десек те қыпшақ пен оғыз тайпаларының VI-IX ғғ. түйіскен жерлері - Қазақстанның оңтүстік батыс аймақтары. Сыр өңірі “Алпамыс” жырының осы кезеңін бастан кешірген. Уақыт өтеді. Қоғамдық-саяси өзгерістер рухани өмірге де із салады. Бұрынғы тайпалық одақтар халық болып құрала бастайды. Бұл үрдіс байырғы эпостардың қайта гүлдеуіне, өзгеріп өңделуіне ықпал етеді» (Ыбыраев, 2009, 104-б.).

Демек, түрік қағанатынан да бұрын пайда болған эпостар оғыз-қыпшақ, Алтын Орда кезеңдерінде қайта жаңғырып, архаикалық эпостан қаһармандық эпосқа дейінгі өзгерістерді бастан кешкен. Ноғайлы хандығы бірнеше хандыққа бөлініп кеткен соң Қазақ хандығы жеке дара шыққан кезеңде Ноғайлы дәуірінде дүниеге келген жырларға ие болып

қалады. «Қырымның қырық батыры» атауымен жырланған қазақ жырларының топтамасы Қазақстанның батыс аймақтарында сақталып қалған. Бұған бір жағы сол кезеңдегі Ноғайлы, Қазақ хандығы тұсында күшейіп келе жатқан Ресей басқыншылығына қарсы халыққа рух беру үшін де «Қырымның қырық батыры» секілді эпикалық жырлар кең тараған болса керек. Қазақ хандығы кезінде жыраулардың беделі жоғары болды. Ауыз әдебиетінің негізі де көбіне жыршы-жыраулар орындаған жыр мен терме, толғаулардан құралған. Жерін, елін сыртқы дұшпаннан қорғау, жас ұрпақты батырлыққа тәрбиелеу мәселесі күн тәртібіне шығарылды. Жоңғармен соғыс, орысқа қарсы бас көтеру кезінде «Қобыланды батыр» жыры тоқтаусыз жырланып отырған. Бұл үрдіс ХХ ғасырдың ортасына шейін жалғасын тапты. Екінші дүниежүзі соғысы кезінде бұрынғы батырлық жырларды қайта дәріптеуге билік тарапынан рұқсат беріледі. Соның арқасында бұрын ел ішіне кеңінен жайылған «Қырымның қырық батыры» жырының бір нұсқасы Мұрын жыраудан жазып алынды. 1920-1941 жылдар арасында ескілік ретінде батырлық жырларды дәріптеуге тиым салудың зардабынан Мұрын жырау секілді көненің көзі болған көкірегі шежіреге толы талай жыршы-жыраулар дүниеден өтіп кетті.

Азғандай уақыт көлемінде қайта жырлауға рұқсат берудің арқасында бұрынғы дәстүр қайта түлеп сала берді. Ел ішіндегі дәстүрлі жыршылар өз репертуарында сақталған бұрынғы жырларды қайта жырлауға көшеді. Ол кезде Н.Байғанин, Мұрын Сеңгірбайұлы, А.Байтабынұлы сияқты белді жыршы-жыраулар ел ішінде жүріп бұрынғы жыршылық дәстүрді қайта қолға алуға мүмкіншілік алады. Осылайша ерте дәуірлерден қалыптасқан жыршылық дәстүр ХХ ғасырдың ортасына шейін халық арасында үздіксіз тарап отырғандығының куәсі боламыз. Бұл жырдың атадан-балаға жалғасып, ауыздан ауызға жырланып отырғандығын Н.Байғанинның мына дерегінен де байқауға болады: «Мысалы: Нұрпейіс Байғанин «Қобыландыны» өзінен бұрын жырлаған жырауларды 7-8 атаға жеткізеді. «Мен «Қобыландыны» 17 жасымнан жырладым. Сол кезде тұқымды жыршы Махует деген адамнан осы «Қобыландыны» үйрендім. Махуеттің әкесі Дінмағамбет, Дінмағамбеттің әкесі Бітеген, Бітегеннің әкесі Терлікбай, Терлікбайдың әкесі Бақы, Бақының әкесі Жаскілең, Жаскілеңнің әкесі Тоқберген деген атақты жыраулар өтіпті. Атадан балаға «Қобыландының» мен айтатын осы желісі қалған екен», - дейді (Нұрмағамбетова, 1990, 188-б.).

«Қобыланды батыр» сияқты ел ішіне кең тараған әрі халықтың сүйіп тыңдайтын жыры Қазақстанның батыс пен Орталық Қазақстан аймағында 50-60 жылдарға шейін жыршы, жыр-термешілер тарапынан

*«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ДӘУІР БЕЛЕСТЕРІ*

ел ішінде той-томалақтарда, ойын-сауықты кештерде айтылған жырлар сол жыршылар аузынан хатқа түсіп отырған болса, Қарақалпақстан, Түркменстан сияқты көрші елдерде тұратын қазақтар арасында кешегі 1970-80 жылдарға шейін жыршылық дәстүр өз жалғасын тауып отырды. Сыр бойы мен Әмудария бойын мекендеген қазақтар арасында дәстүрлі қисса-жыр айту дәстүрі кейінгі кездерге шейін сақталып, «Қобыланды», «Қыз Жібек» т.б. жырлар жыршылар Сүгір, Жалғасбай, Наурызбай, Амангелді секілді жыршылар тарапынан жырланып келді.

**Қорытынды**

«Қобыланды батыр» жыры қазақтар арасында кең түрде тараған жырдың бірі. Жырдың композициясы мен оқиғалардың даму динамикасын қарастырған кезде бір ғасырдың оқиғасы емес, бірнеше тарихи оқиғалар негізінде қайта жаңарып, қайта жырланып отырғандығы байқалады. Қыпшақ этносы алғаш рет тарихта Түрік қағанаты кезіндегі тасқа қашалған Орхон жазуларында кездессе, оның тарих сахнасында айрықша жарқырап көрінген кезеңдері XI ғасырлардан басталады. XI ғасырдың екінші жартысында шығыс жазба деректерінде бұрын аталып келген «Оғыздар даласының» (Мафазат әл-гуз) орнына Дешті-қыпшақ деген атау пайда болады. Шыңғыс хан шыпқыншылығы мен Алтын Орда дәуірі, Ноғайлы кезеңі мен Қазақ хандығының құрылған уақытында да қыпшақ тайпалары белсенді рол атқарған. Жыр өз табиғатында осындай оқиғаларды қамтуға тырысады. Осы тарихи оқиғалар архаикалық эпостан қаһармандық эпосқа дейінгі арада түрлі өзгерістерді бастан кешіреді. Қаһармандық эпос ел аузында ұдайы жырланып келе жатқандықтан өзінің даму тарихында идеялық және көркемдік жағынын шыңдалып, толысып, жетілу үстінде болады. Қазақ қоғамы ғасырлар бойы рулық, тайпалық дәстүрді сақтап келгендіктен ата-бабаларының ерлік істерін жырға қосу, оның үстіне көшпелі өмір салтын ұстанған халықтың ауыз әдебиеті де айрықша дамығандықтан ел ішінен шыққан жыршы, ақындар арасында бұрынғы жырларды жаттап айту дәстүрі ұзақ жылдар бойы сақталып отырды. Бұл жырды ел ішінде айтатын жыршылардың соңы Н.Байғанин, Ғ.Байтабынов секілді үлкен жыршылар 1945-50 жылдарға шейін өмір сүрді.

Қаһармандық эпостың табиғаты өзіне дейінгі архаикалық, көне эпостардан бастау ала отырып, бірнеше ғасырдың оқиғаларын қамту арқылы қалыптасады. Белгілі бір рудың қамқоршы батыры ретінде қысылғанда күш беретін, жау шапқанда табынатын киелі рухы ретінде сол халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігінде, тарихында, қоғамдық

өмірінде ұдайы байланыста өмір сүреді, солармен бірге ғасырлар бойына жасасып келеді. Сондықтан да «Қобыланды батыр» жыры өзінің қалыптасып даму үдерісінде талай рулық, таптық, хандық қоғамдарға сәйкес көптеген өзгерістерге ұшырап отырған.

## Әдебиеттер

- Алпысбаева Қ.Б., Әуесбаева П.Т. (2017). *Қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихы*. Монография. –Алматы, Әдебиет әлемі, –336 б.
- Авакова Р.А., Баят Е. (2019). Түркі-моңғол батырлық жырларындағы көне сюжеттер: компаративистик талдау// *Түркология*, №2 (94), Наурыз-сәуір. Түркістан. 117-128 бб.
- Айымбетов Қ. *Халық даналығы*. Нөкіс: Қарақалпақстан, 1988. – 492 б.
- Әуезов М. (2014). *Шығармаларының елу томдық толық жинағы*. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 4-том: Зерттеулер, оқулықтар, әдеби нұсқалар. 1924–1930. – 456 б.
- Бабалар сөзі: Жүз томдық* (2007). – Астана, “Фолиант”, 36-том. Батырлар жыры. 430. -бет.
- Rakiş J.S. (2019). «Kambar Batır» Destanı'ni Dönemselleştirme. *Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi*. Cilt: 7 Sayı: 16 Sayfa 1211–1233. Mart. Türkiye.
- Қасқабасов С. (2009). *Ойөріс*. Алматы, “Жібек Жолы”, – 303 б.
- Қасқабасов С. (2001). *Тұтастану – фольклор поэтикасының заңдылығы./Қазақ фольклорының поэтикасы*. – Алматы, Ғылым, – 250 б.
- Нұрмағамбетова О. (1990). *Қазақ эпосын айтушы жыршы, жыраулар. Фольклор шындығы*. – Алматы, Ғылым, – 264 б.
- Söylemez O., Aliyeva L. (2000). Alpamış batır ve Er Targın destanlarında kahraman, kadın ve at motifleri üzerine bir deneme // *A.Ü.Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi*. Sayı 14. Erzurum, – 25 s.
- Сулейменов О. (1989). *Эссе, публицистика, Стихи, поэмы. Аз и Я*. – Алма-Ата, Жалын, –592 с.

## References

- Alpysbaeva Q.B., Áyesbaeva P.T. (2017). *Qoljazba qorlaryndaǵy batyrlyq jyrlardyń jinaly tarıhy*. Monografiya. –Almaty, Ádebiet álemi, –336 b.
- Avakova R.A., Baiat E. (2019). Túrki-mońǵol batyrlyq jyrlaryndaǵy kóne sıyjetter: komparativistik taldaı// *Türkologua*, №2 (94), Naýryz-sáýir. Túrkiistan. 117-128 bb.

- Aıymbetov Q. *Halyq danalyǵy*. Nókis: Qaraqalpaqstan, 1988. – 492 b.
- Áyezov M. (2014). *Shyǵarmalarynyń elý tomdyq tolyq jınaǵy*. – Almaty: Dáýir, Jibek joly, 4-tom: Zertteýler, oqýlyqtar, ádebi nusqalar. 1924–1930. – 456 b.
- Babalar sózi: Júz tomdyq* (2007). – Astana, “Foliant”, 36-tom. Batyrlar jyry. 430.-bet.
- Rakiş J.S. (2019). «Kambar Batır» Destani’ni Dönemselleştirme. *Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi*. Cilt : 7 Sayı: 16 Sayfa: 1211 – 1233. Mart. Türkiye.
- Qasqabasov S. (2009). *Oıóris*. Almaty, “Jibek Joly”, – 303 b.
- Qasqabasov S. (2001). *Tutastaný – folklor poetkasynyń zańdylyǵy./Qazaq folklorynyń poetkasy*. – Almaty, Ğylym, – 250 b.
- Nurmaǵambetova O. (1990). *Qazaq eposyn atýshy jyrshy, jyraýlar. Folklor shyndyǵy*. – Almaty, Ğylym, – 264 b.
- Söylemez O., Aliyeva L. (2000). Alpamış batır ve Er Targın destanlarında kahraman, kadın ve at motifleri üzerine bir deneme // *A.Ü.Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi*. Sayı 14. Erzurum, – 25 s.
- Sýleimenov O. (1989). *Esse, pýblitsistka, Stihı, poemı. Az ı Ia*. – Alma-Ata, Jalyn, – 592 s.

**Öz:** Makale, “Koblandı Batır” adlı destanın Kazak jırşı repertuarında geniş çapta yayılmasını sağlayan çeşitli faktörleri incelemektedir. Bu bağlamda, destan türünün arkaik destandan kahramanlık destanına evrimi üzerine özel bir vurgu yapılmakta, bu süreç nesilden nesile sözlü olarak aktarılmaktadır. Altın Ordu ve Nogay dönemi ve Kazak Hanlığı dönemlerindeki destanın gelişim aşamaları, eski destanın yeniden canlanmasında önemli dönüm noktalarını temsil etmektedir. Bu sürecin önemi, destan türünün tarihsel entegrasyonu, meşruiyeti ve belirleyici faktörler bağlamında ele alınmaktadır. Deşt-i-Kıpçak döneminde eski destanın yeni biçimler aldığına dikkat çekilmekte ve bu durum “Koblandı Batır” adlı kahramanlık destanı tarafından doğrulanmaktadır. Bu destanı inceleyen yazar, onun geçmiş zaman odaklı karakterini vurgulamakta ve bu durumun daha sonraki dönemlerin olaylarını içermesine, farklı yüzyıllardan olayları ve karakterleri bir araya getirmesine olanak tanıdığını belirtmektedir. Araştırma bağlamında önemli bir diğer nokta, genç nesillerde vatanseverlik inancının aşılmasında ve estetik eğitimde özel bir yer tutan kahramanlık destanının bu işlevinin vurgulanmasıdır. Ayrıca, İkinci Dünya Savaşı sırasında daha önce yasaklanmış şiirlerin yeniden

yüceltilmesinin nedenleri, halkın ruhen canlanması için bir araç olarak kullanılmasındandır. Son olarak, yazar, “Koblandı Batır” gibi şiir döngüsüne dahil olan eserin tarihî anakronizminin özelliklerini vurgulamaktadır.

**Anahtar Kelimeler:** Kobılandı Batır, Arkaik Destan, “Kırımın Kırk Kahramanı”, Destan, Deşt-i Kıpçak, Nogaylı, Kızılbas, Kalmak, Kazak Hanlığı.

**(Bakyt ABZHET. “KOBILANDI BATIR” DESTANI’NDA DEVRİN İZLERİ)**

**Аннотация:** В статье автор анализирует множество факторов, обусловивших широкое распространение эпической поэмы «Кобланды батыр» в репертуаре казахских жыршы. В данном контексте особое внимание уделяется эволюции эпического жанра от архаического эпоса к героическому эпосу, передававшемуся устно из поколения в поколение. Основные этапы развития эпоса в периоды Золотой Орды, Ногайской эпохи и Казахского ханства представляют собой важные вехи возрождения древнего эпоса. Значимость этого процесса рассматривается в контексте исторической интеграции эпического жанра, его легитимности и определяющих факторов. Отмечается, что в период Дешт-и-Кипчак возрождение древнего эпоса приняло новые формы, что подтверждается героическим эпосом «Кобланды батыр». Анализируя данный эпос, автор подчеркивает его ретроспективный характер, что позволяет включать в него события более поздних эпох и исторических периодов, сочетая события и персонажей различных столетий. Важным аспектом исследования является акцент на патриотической функции героического эпоса, играющей значительную роль в воспитании патриотических чувств у молодого поколения и в эстетическом воспитании. Дополнительно выделены причины повторного возрождения ранее запрещенных песен в период Второй мировой войны, что способствовало возрождению духа народа. В заключение, автор акцентирует внимание на особенностях исторического анахронизма в эпической поэме «Кобланды батыр», входящей в цикл стихотворений, таких как «Сорок батыров Крыма».

**Ключевые слова:** Кобланды батыр, архаический эпос, «Сорок батыров Крыма», эпос, Дешт-и-Кипчак, ногайская эпоха, кызылбас, калмык, Казахское ханство

**(Bakyt ABZHET. ПРИЗНАКИ ЭПОХИ В ЭПОСЕ «КОБЛАНДЫ БАТЫР»)**

---

**Yazar Katkı Oranı (Author Contributions):** Бақыт ӘБЖЕТ (%100)

**Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors):** Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

**Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest):** Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

**İntihal Denetimi (Plagiarism Checking):** Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.

---

ӘОЖ 398; 801

МҒТАР 17.71.01